

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жұмысындағы кемшіліктер туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 426 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметінде (бұдан әрі - Комитет) айтарлықтай кемшіліктер бар екенін атап өтеді.

Комитеттің кінәсінен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі N 158 өкімімен белгіленген ұлттық, мемлекеттік холдинг және акционерлік компанияларын монополиясыздандыру туралы Үкімет шешімдері мен шағындауға жататын 60 холдинг құрылымының тек 41-і қайта ұйымдастырылды.

Бәсекелестікті дамыту мен монополиялық қызметті шектеудің қолда бар заңдық негізін белгілейтін және кеңейтетін заң актілерін Үкіметке ұсыну б а р ы н ш а ұ з а п к е т т і .

Мәселен, 1994 жылдан бастап Комитеттің кінәсінен "Бәсекелестікті дамыту мен монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы республикада жүргізіліп жатқан экономикалық реформамен сәйкестендірілмеген. Үкіметтің Монополиясыздандыру жөніндегі шаралар тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеу туралы тапсырмасы орындалмады. Мұның барлығы Комитеттің алдына Үкімет қойған мәселелерді шешуге бөгет болып отыр.

Сонымен қатар, Комитет шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделеріне қатысты бірқатар нормативтік актілерді күшіне енгізген, олар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелмеген, соның салдарынан олардың заңдық күші болмай отыр.

Осы Уақытқа дейін Үкімет Таралқасы мәжілісінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 29 хаттамалық шешімі орындалмаған, онда Комитетке Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп 15 қарашаға дейінгі мерзімде қабылданып жатқан энергия жүйелерін басқару схемаларына сәйкес электр қуатына арналған аймақтық тарифтер бойынша салыстырмалы есептер мен 1996 жылдың бірінші тоқсанында электр қуатына арналған тарифтерді Үкіметке енгізу тапсырылған болатын.

Осының салдарынан электр қуатына арналған тарифтер келесі тоқсан

басталғаннан бір ай бұрын бекітілуге тиіс болса, қабылданған тәртіпті бұза отырып, өнеркәсіп орындары үшін 1996 жылдың ақпан айының басталуынан 4 күн бұрын бекітілді, мұның өзінде құжат Комитеттің емес, Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің бастамашылығымен шығарылды.

Өз міндеттерін Үкіметке артуға ұмтылу Комитет басшылығы жұмысының ерекше сипатына айнала бастады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру туралы" 1994 жылғы 12 желтоқсандағы N 1399 және "Қазақстан Республикасының тұтынушыларын газбен қамтамасыз етуді басқару құрылымы мен жүйесін жетілдіру туралы" 1995 жылғы 6 қыркүйектегі N 1237 қаулыларында газ тасымалдау бойынша тарифтер мен халық үшін табиғи газдың бағалары жөніндегі шешімдерді Комитет қабылдауға тиіс деп белгіленген.

Іс жүзінде, Комитетке берілген өкілеттіктер шегінде шешімдер қабылдаудың орнына олар осы мәселелерді Үкіметке шешуді өтініп хат жолдайды.

Комитет шын мәнінде аумақтық комитеттерді методологиялық және жедел басқарудан оқшау қалды, олардың баға түзу мәселелерін шешудегі іс-қимылдары мен тәсілдерінің үйлеспеушілігі осының нәтижесі болып отыр.

Комитет аппаратында да сауатсыз моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан. Бірсыпыра қызметкерлер Президент әкімшілігі мен Үкімет Аппаратына жазған хаттарында өз жұмыстарына қанағаттанбайтындарын білдіріп, Комитет төрағасы П.В. Своиктің іс-әрекетінің, стилі мен әдісінің дұрыс еместігін атап айтқан.

Комитет төрағасы П.В. Своик Заңды тұлғалар бірлестіктері қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу мен баға беру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысына қатысудан, оларды қайта ұйымдастыру, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы Үкімет шешімдерінің жобаларын әзірлеуден өзін сырт ұстады. Алайда өзі Үкіметке монополиялық құрылымдарды қайта ұйымдастырудың экономикалық жағынан негізделмеген және министрліктер мен мемлекеттік комитеттер қолдамайтын жобаларын жібереді.

Комитет жұмысының нәтижесіздігі, оның басшылығының беделсіздігі мен кәсібисіздігі барған сайын бой көрсетіп отырған кезде П.В. Своиктің іс-қимылын дұрыс емес деп айыптау, саяси мәлімдемелер мен айбат шегулер практикасы кеңейіп келеді, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі мәртебесімен сыйыспайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жұмысы қанағаттанғысыз деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы П.В. Своик атқарып отырған лауазымына сай емес деп саналсын.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М. Қажыгелдин П.В. Своикті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК